

Құндылығы бірдей еңбек үшін еркектер мен әйелдерге бірдей сыйақы беру туралы конвенцияны бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2000 жылғы 14 желтоқсан N 115-II

Женевада 1951 жылғы 29 маусымда Халықаралық еңбек ұйымы Бас конференциясының 34-сессиясы қабылдаған Құндылығы бірдей еңбек үшін еркектер мен әйелдерге бірдей сыйақы беру туралы конвенция (100-конвенция) бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Президенті Н.Ә. Назарбаев

Құндылығы бірдей еңбек үшін еркектер мен әйелдерге бірдей сыйақы беру туралы № 100 Халықаралық Еңбек конвенция

(Женева қ., 1951 ж. 6 маусым)

(2002 жылғы 18 мамырда күшіне енді - ҚР СИМ-нің ресми сайты)

Женевада Халықаралық Еңбек Бюросының Әкімшілік Кеңесі шақырған және 1951 жылдың 6 маусымында өзінің отыз төртінші сессиясына жиналған, Халықаралық Еңбек Ұйымының Бас Конференциясы сессияның күн тәртібінің жетінші тармағы болып табылатын құндылығы бірдей еңбек үшін еркектер мен әйелдерге бірдей сыйақы төлеудің принципі туралы бірқатар ұсыныстар қабылдауға қаулы ете отырып, осы ұсыныстарға халықаралық конвенция нысанын беруді шеше отырып, осы бір мың тоғыз жүз елу бірінші жылғы маусым айының жиырма тоғызыншы күні бірдей сыйақы төлеу туралы 1951 жылғы Конвенция деп аталатын осы Конвенцияны қабылдады.

1-бап

О с ы К о н в е н ц и я м а қ с а т ы н д а :

а) "сыйақы" термині әдеттегі, негізгі немесе ең төмен еңбекақы немесе әдеттегі, негізгі немесе ең төмен жалақы, және кәсіпкердің еңбеккерге қандай болса да жұмысты орындағаны үшін ақшалай немесе заттай, тікелей немесе жанама түрінде беретін түрлі б а с қ а д а с ы й а қ ы н ы қ а м т и д ы ;

б) "құндылығы бірдей еңбек үшін еркектер мен әйелдерге бірдей сыйақы төлеу" термині жыныстық белгісіне қарай кемсітушіліксіз белгіленетін сыйақы мөлшеріне жатады.

2-бап

1. Ұйымның әрбір мүшесі сыйақылар ставкасын белгілеудің қолданылып жүрген әдістеріне сәйкес құралдар көмегімен осы көрсетілген әдістерге сай келетін шамада ынталандырады, құндылығы бірдей еңбек үшін еркектер мен әйелдерге бірдей сыйақы беру принципін барлық еңбекшілерге қатысты қолдануды қамтамасыз етеді.

2. Бұл принципті не :

а) ұлттық заңдар шығару ;

б) заңдарда белгіленген немесе танылған сыйақы беруді белгілеудің жүйесі;

с) кәсіпкерлер мен еңбекшілер арасындағы ұжымдық шарттар;

б) осы түрлі тәсілдерді үйлестіру арқылы қолдануға болады.

3-бап

1. Осындай әрекеттер осы Конвенцияның ережелерін қолдануға ықпал ететін жағдайларда, түрлі міндеттерге объективті баға беруге шаралар орындалатын жұмыстың негізінде қолданылатын болады.

2. Баға берудің мұндай әдістері не сыйақы төлеудің ставкасын белгілеу саласында құзыретті өкіметтің не, егер сыйақы ставкасы осындай шарттармен белгіленетін болса, ұжымдық шарттарға қатысушы тараптардың шешімдер объектісі болып табылуы мүмкін .

3. Жынысына қарамастан, орындалатын жұмыстың осындай объективті бағасынан туындайтын айырмасына сәйкес келетін сыйақы төлеу ставкаларындағы айырма әйелдер мен еркектерге құндылығы бірдей сыйақы берудің принципіне қайшы келетін болып қарастырылмайды.

4-бап

Ұйымның әрбір мүшесі осы Конвенцияның ережелерін іске асыру мақсатында кәсіпкерлер мен еңбекшілердің мүдделі ұйымдарымен тиісті деңгейде ынтымақтаса қызмет істейді.

5-бап

Осы Конвенцияны бекіту туралы құжаттар тіркеу үшін Халықаралық Еңбек Бюросының Бас Директорына жіберіледі.

6-бап

1. Осы Конвенция бекіту туралы құжаттарын Бас Директор тіркеген Халықаралық Еңбек Ұйымының Мүшелерін ғана байланыстырады.

2. Ол Ұйымның екі Мүшесінің бекіту туралы құжаттарын Бас Директор тіркегеннен кейін он екі ай өткен соң күшіне енеді.

3. Соңынан бұл Конвенция Ұйымның әрбір Мүшесіне қатысты өзінің бекіту туралы құжатын тіркеген күннен кейін он екі ай өткесін күшіне енеді.

7-бап

1. Халықаралық Еңбек Ұйымы Жарғысының 35-бабының 2-тармағының ережелеріне сәйкес Халықаралық Еңбек Бюросының Бас Директорына жіберілген өтініште:

а) Ұйымның мүдделі Мүшесі олар жөнінде осы Конвенцияның ережелерін өзгеріссіз қолдануға міндеттенетін аумақтар;

б) осы Конвенцияның ережелерін өзгерістерімен қоса қолдануға міндеттенетін аумақтар және осы өзгерістердің егжей-тегжейі;

с) Конвенция қолданылмайтын аумақтар және бұл жағдайларда оның қолданылмау себептері;

д) өзінің шешімін ережені одан әрі қарағанға дейін іркіп кейінге қалдыратын аумақтар көрсетіледі.

2. Осы баптың 1-тармағының а) және б) тармақшаларында аталған міндеттемелер бекіту туралы құжаттың ажырамас бөлігі болып саналады және оның салдары бірдей болады.

3. Ұйымның кез келген Мүшесі өзінің жаңа өтініші арқылы оның бұдан бұрынғы өтінішіндегі ескертпелерінің бәрінен немесе ішінара бөлігінен осы баптың 1-тармағының б), с) және д) тармақшаларына орай бас тарта алады.

4. Ұйымның кез келген Мүшесі 9-баптың ережелеріне сәйкес осы Конвенция күшін жоюы мүмкін кезең ішінде Бас Директорға бұның алдындағы кез келген өтініштің шарттарын кез келген басқа жағдайларда өзгертетін және белгілі бір аумақтардағы ахуал туралы хабарлайтын жаңа өтініш жолдай алады.

8-бап

1. Халықаралық Еңбек Ұйымы Жарғысының 35-бабының 4 және 5 тармақшаларының ережелеріне сәйкес Халықаралық Еңбек Бюросының Бас Директорына жіберілетін өтініштерде осы Конвенцияның ережелері сол аумақта өзгерістерімен қоса немесе өзгерістерінсіз қолдану-қолданылмайтындығы көрсетіледі; егер өтініште осы Конвенцияның ережелері өзгертілген жағдайда қолданылады деп көрсетілсе, онда осы өзгерістердің қандай өзгерістер екендігі нақтыланады.

2. Мүдделі Ұйымның Мүшесі немесе Мүшелері немесе халықаралық билік орындары кез келген уақытта жаңа өтініш арқылы алдыңғы өтініштердің біреуінде айтылған өзгерістерді пайдалану құқығынан толық немесе ішінара бас тартуы мүмкін.

3. Мүдделі Ұйымның Мүшесі немесе Мүшелері немесе халықаралық билік орындары 9-баптың ережелеріне сәйкес Конвенцияның күші жойылуы мүмкін кезеңдерде Бас Директорға бұның алдындағы кез келген өтініштің шарттарын кез келген жағдайда өзгертетін және осы Конвенцияның қолданылуына қатысты болған ережелер туралы хабарлайтын жаңа өтініш жіберуі мүмкін.

9-бап

1. Ұйымның осы Конвенцияны бекітуші кез келген Мүшесі ол алғаш күшіне енгізілген сәтінен бастап он жыл мерзім өткен соң Халықаралық Еңбек Бюросының Бас Директорына жіберілген және онда тіркелген күшін жою туралы акті арқылы күшін жоя алады. Күшін жою осы күшін жою туралы актіні тіркегеннен кейін бір жылдан соң күшіне енеді.

2. Ұйымның осы Конвенцияны бекітуші кез келген Мүшесі жоғары тармақта айтылған он жыл кезең өткеннен кейін бір жыл мерзім ішінде күшін жою туралы осы бапта көзделген өзінің құқығын пайдаланбаса, келесі он жыл мерзімде байланысты болады және соңынан әрбір он жылдық біткен сайын осы Конвенцияның күшін осы бапта белгіленген тәртіппен жоя алады.

10-бап

1. Халықаралық Еңбек Бюросының Бас Директоры Ұйым Мүшелерінен алған бекіту туралы құжаттарды, күшін жою туралы өтініштер мен актілерді өзінің тіркегені туралы Халықаралық Еңбек Ұйымының барлық Мүшелеріне хабарлайды.

2. Бекіту туралы өзі алған екінші құжаттың тіркелгені туралы Ұйым Мүшелеріне хабарлай отырып, Бас Директор олардың назарын осы Конвенцияның күшіне енген күніне аударады.

11-бап

Халықаралық Еңбек Бюросының Бас Директоры Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының 102-бабына сәйкес тіркеу үшін бекіту туралы алдыңғы баптардың ережелеріне сәйкес өздерінде тіркелген барлық құжаттарға қатысты толық мәліметтерді, өтініштер мен күшін жою жөніндегі актілерді Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Хатшысына жібереді.

12-бап

Халықаралық Еңбек Бюросының Әкімшілік Кеңесі қажет деп тапқан әрбір ретте Бас Конференцияға осы Конвенцияны қолдану туралы баяндаманы ұсынады және

Конференцияның күн тәртібіне оны толық немесе ішінара қайта қарау туралы мәселені енгізу қажеттігін шешеді.

13-бап

1. Егер Конференция осы Конвенцияны толық немесе ішінара қайта қарайтын жаңа конвенцияны қабылдаған жағдайда және жаңа конвенцияда керісінше көзделмеген б о л с а , о н д а :

а) Ұйымның қайсыбір Мүшесінің жаңа, қайта қараушы конвенцияны бекітуі, жаңа қайта қараушы конвенция күшіне енгізілген жағдайда, 9-баптың ережелеріне қарамастан осы Конвенция күшінің жедел түрде өзінен-өзі жойылуына әкеп соқтырады ;

б) жаңа қайта қараушы конвенция күшіне енгізілген күннен бастап осы Конвенция оны Ұйым Мүшелерінің бекітуі үшін жабық болады.

2. Осы Конвенция оны бекіткен, бірақ жаңа қайта қараушы конвенцияны бекітпеген Ұйымның Мүшелері үшін нысаны мен мазмұны жағынан өз күшінде қалады.

14-бап

Осы Конвенцияның ағылшынша және французша мәтіндерінің күші бірдей.